

А.Күннбаевтың 170 жылдығына орай облыстық арнайы көзi көрмейтiн және әлсiз көретiн азаматтарға арналған кiтапхана оқу залында 27 тамыз күнi аukumды iс-шара өттi.

Шын хакiм, сөзiн асыл – баға жетпес
Бiр сөзiн мың жыл жүрсе дәмi кетпес.
Қарадан хакiм болған сөндей жанның
Өлемнiң күлағынан әнi кетпес!
Парасатты болып туган,
Шыңғыстаудың Абайы
Өн мен жырын мұра қылған,
Сарыарқаның Абайы,
Накылменен сана күйған,
Қазағымның Абайы,
Ақылменен дана болған
Бүкiл елдiң Абайы.
Тендесi жоқ асқар биiк шынымыз,
Ақ ниеттi, әдiлетшiл шынымыз,
Асыл қазына, ашылмаған сырымыз.
Таусылмайтын мәнгi бақи жырымыз!

- Олдi деуге сия ма, ойландаршы, Олмей туғын артында сөз қалдырған,»- деп төрелiгiн өзi шешкен Абай - бүгiн жарқын бейнесiмен де, жалынды жырымен де, бiзбен бiрге жасасып келедi. Ұлы атамыздың бiзге берген еншiсi, қалдырған аманаты – асыл сөздерi, олмейтiн өлендерi. Бiз оны ардақтаймыз. Аз өмiр сүрiп, азаппен өткен Абай бүгiн бiзбен мәнгi жасамақ. Абай атамыздың өлендерi мен қара сөздерiне қарап қазiргi заман жастары үлгi онеге алса, болашақ елiмiз мықты азаматтардың тiзгiнiнде болар едi деп мақтана аламыз.

Қазақтың маңдайына бiткен ұлы ақыны, қазақ әдебиетiнiң негiзiн қалаған, өзiнiң қара сөздерiмен, даналығымен, тапқырлығымен, жалпы шығармашылығымен қазiргi күнге дейiн бүкiл өлемге әйгiлi де танымал болған Абай Күннбайұлының шығармашылығына арналған «Абай әлемi» атты I топ көз мұғедектерiнiң арасында облыстық байқау болып өттi. Байқаудың негiзгi мақсаты загип жандарды жарыстыру емес, ақынның шығармасын оқырмандарға насихаттау, осы байқау арқылы ақынның қара сөздерiн, өлендерiн, әндерiн, аудармаларын мәнерлеп, нақышына келтiрiп орындау, жүрекпен ұғыну.

Іс-шараға абайтанушы, доцент Түрдыбай Қалдыбайұлы мен «Абай» атындағы қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі директорының орынбасары Ендібаева Гүлнар Қамбарбекқызы арнайы шақырылды.

Кешімізді ашып берген Түрдыбай аға оқырмандарға Абай туралы әңгімелеп, атқарылып жатқан іс-шараның маңыздылығына, ерекшелігіне тоқталып отті. Шын мәнінде, Түрдыбай ағаны танқалдырған - зағип жандардың өнерге, поэзияға, жалпы кітапхана қабырғасында отіп жатқан іс-шараларға деген олардың құлшыныстары, белсенділігі.

- Қозі ашық, қозірегі ояу адамдардың мына заманда кітапханаға кіріп, кітап оқып, оның іс-шарасына қатысуы қиындау, - дейді доцент аға.

Байқауға қатысушылар кітапханамыздың аудандардан келген белсенді оқырмандары, I топ қоз мүгедектері: Барлыбаев Жомарт (Толеби), Халматова Салтанат (Сайрам), Тайтелеева Ақжүніс (Шымкент), Смандияр Айнұр (Ордабасы), Оралбек Нұрлан (Толеби) болды.

Байқауға абайтанушы, доцент ағамыз Түрдыбай Қалдыбайұлы, Ендібаева Гүлнар Қамбарбекқызы, Темірбаева Ләззат Сағынбекқызы әділ қазылықтарын жасады. Байқауымыз 5 шарттан тұрды:

«Сәлем – сөздің атасы» (Байқауға қатысушылар өзін-өзі таныстырады), «Абай ойшыл» (Абай қара сөздерін нақышына келтіріп айту),

«Абайдың – ән маржаны» (Абайдың әндерін орындау, эстрадалық жанрда, түрлі аспаптардың сүйемелдеуімен),

Сұрақ-жауап (Абай шығармашылығынан сұрақтар, Абайдың нақыл сөздері), «Қазақ өлеңінің ұлы атасы» (Абай өлеңдерін жатқа, нақышына келтіріп мәнерлеп оқу).

«Абай әлемін жүрегіммен ұғындым» (Зағип оқырмандар арасындағы байқау)

Авторлар: спецбіб
02.09.2015 11:23 -

Кітапханамыздың белсенді оқырманы Смандияр Айнұр өзінің «Шалқыған шалқар шабытым» атты өзінің оқырмандарға тарту етті.

Байқауға қатысушылар 5 сайыстан мүдірмей отіп, жоғары деңгейде өнер көрсетіп «Қазыналы – қара сөз», «Талаптың мініп тұлпарын», «Жүйрік ойдың шебері», «Кеменгер тұлға – Дана Абай», «Өлең сөздің патшасы» атты номинациялық дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Абай қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, ел қамын жақтаған жырау, жыршы, қазақтың дана да, дара ұлы ақыны екенін жас ұрпаққа, оқырманға жеткізуді мақсат еткен кітапханашылар «Кеменгер тұлға – дана Абай» атты көп көлемді кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрме сөрелерінде дыбысталған, бедерлі-нүктелі және жазық баспалы әдебиеттер мен Абай атамыздың кіші қалыпты мүсіні қойылды.

Көп тартымды да қызықты өтті. Оқырмандар шабытты, хош көңілмен тарқасты.

Облыстық арнайы кітапхана директорының орынбасары: Л.Темирбаева



«Абай әлемін жүрегіммен ұғындым» (Загип оқырмандар арасындағы байқау)

Авторлар: specbib
02.09.2015 11:23 -



«Абай әлемін жүрегіммен ұғындым» (Загип оқырмандар арасындағы байқау)

Авторлар: спецбп
02.09.2015 11:23 -

